ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 18 қазан Іс №1513-23-00-2/2564 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Ералиев» Бағлан Мамадияруұлы Ералиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Т.М.Тумышев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Әзжәнібек Асылбекұлы Кеңес (өнім беруші) арасында 2023 жылғы 22 және 24 тамыз күндері «бағалы ұсыныыстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде қызмет көрсетуге мемлекеттік сатып алу туралы № 50 және 51 келісімшарттары жасалған.

№50 келісім-шарттың №1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, Өнім беруші жалпы сомасы 71 250 теңге тұратын тауарды (жиектеме) шарт күшіне енгеннен соң 15 күнтізбелік күн ішінде

және №51 келісім-шарттың №1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес жалпы сомасы 50 610 теңге тұратын тауарды (кубок) шарт күшіне енгеннен соң 10 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен №50 шарты бойынша 2023 жылғы 1 қыркүйекте және №51 шарты бойынша 25 тамызында енгізілген.

Жауапкер тарапынан №50 шарттық міндеттемесін мүлдем орындамаса, №51 шарттық міндеттемесін техникалық ерекшілікке сәйкес орындалмаған.

Талап қоюшы тарапынан портал арқылы №50 шарты бойынша 2023 жылдың 4 қыркүйекте және №51 шарты бойынша 2023 жылдың 6 қыркүйекте сотқа дейінгі ескерту хабарламалары жолданған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және аталған тауарлар бойынша жалпы сомасы 1 156,68 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Алдын-ала сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, 2023 жылдың 17 қазанда шарттар біржақты бұзылғанын айтып, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Алдын-ала сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай - АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 30.11.2023
1513-23-3-1/2890

міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Жауапкерге портал арқылы №50 шарты бойынша 2023 жылдың 4 қыркүйекте және №51 шарты бойынша 2023 жылдың 6 қыркүйекте шарттық міндеттемелерді орындау жөнінде хабарламаларын жолдаған.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамаған.

Жауапкер шарттар бойынша міндеттемелерін, яғни жиектеме тауары бойынша шарт күшіне енгеннен соң 15 күнтізбелік күн ішінде, ал кубок тауары бойынша 10 күнтізбелік күн ішінде орындау қажет болған.

Тараптар арасындағы шарттар 2023 жылғы 17 қазанда біржақты бұзылған.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, 7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 30.11.2023
1513-23-3-1/2890

тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша №50 келісім-шарттағы тауарына қатысты тұрақсыздық айыбы 71 250*0,1%*7=498,75 теңге және №50 келісім-шарттағы тауарына қатысты тұрақсыздық айыбы 50 610*0,1%*13=657,93 теңге есептелген.

Сот талап қоюшының есебі дұрыс және талап қою бұл бөлігінде де қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына жалпы сомма 1 157 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және жергілікті бюджетке 35 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ералиев» Бағлан Мамадияруұлы Ералиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ералиев» Бағлан Мамадияруұлы Ералиевтен мемлекет пайдасына 1 157 (бір мың бір жүз елу жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ералиев» Бағлан Мамадияруұлы Ералиевтен жергілікті бюджетке 1 760 (бір мың жеті жүз алпыс) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 30.11.2023

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 30.11.2023

1513-23-3-1/2890